

Зұлтыхарова Э. Ө.^{1,2} Джумадуллаева А. Н.

¹*т.ғ.к., доцент Қ.А.Ясауи ат.Халықаралы қазақ-түрік университеті*

²*т.ғ.к., доцент Қ.А.Ясауи ат.Халықаралы қазақ-түрік университеті*

СЕЛЖУҚ ИМПЕРИЯСЫ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Аннотация

Мемлекеттік жүйелердің құлауы мен ұзаққа созылған ішкі соғыстардың, жаулап алу жорықтарының көзінде шаруашылық құрылымдары үлкен зардап шеккен болатын. Селжұқ империясының экономикалық жүйенің ерекшеліктері мен әлеуметтік саясаттың бағыттары мақала барысында талданған. Сонымен қатар Селжұқ империясы әскери күштің есебінен саяси жағынан негізделуі, ал экономиканы армия күшімен ретке келтіру мүмкін емес екендігін автор баяндаған. Селжұқ империясындағы күннен-күнге шиеленісе бастаған әлеуметтік мәселелерді шешу кезек күттірмейтін жайтқа айналғандығын негіздей келе автор барлық жерлерде шаруасы күйзеліп, аштыққа ұшыраған шаруалар мен қала халқы көтерілістер ұйымдастырып жатқандығы жөнінде мәліметтер келтірген. Сондай –ақ қалыптасқан жағдайдан шығу үшін, экономикалық жағдайды сауықтыру үшін селжұқ сұлтандары ең дұрыс тәсілді қолданғандығын атап өткен.

Кіліт сөзі: Селжұқ, империя, экономика, саясат, жүйе, шаруашылық, армия, сұлтан, әлем, жер.

Dzhumadullaeva A.¹ Zulpykharova E.²

¹*Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
candidate of pedagogical sciences, acting assistant professor*

²*Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
candidate of pedagogical sciences, acting assistant professor*

SOCIO-ECONOMIC SYSTEM OF THE SELJUK EMPIRE

Abstract

Another great difficulty in economic policy, the decline of previous state systems and protracted internal wars, campaigns of conquest were severely affected economic structures. The Seljuk Empire was politically based on the military, and the economy could not be regulated by the army. The solution of social problems, which will become more and more complex, has become relevant. The Seljuk sultans used the best method to get out of the complicated situation and improve the economic situation. Seljuk rulers allocated large sums of money from the treasury for the construction of large canals, ponds and irrigation systems in all settlements. The main roads and bridges were reconstructed. The main trade routes were strictly controlled, the safety of the caravans was ensured, and thousands of caravanserais were built along all the main roads to facilitate their movement.

Keyword: Seljuk, Empire, economy, politics, system, economy, army, Sultan, peace, Land.

Зұлтыхарова Э. У.¹ Джумадуллаева А.Н.²

¹*к.и.н., доцент, Международный казахско-турецкий университет имени Ясауи*

²*к.и.н., доцент, Международный казахско-турецкий университет имени Ясауи*

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ СИСТЕМА СЕЛЬДЖУКСКОЙ ИМПЕРИИ

Аннотация

Еще одна большая трудность в экономической политике, упадок прежних государственных систем и затянувшихся внутренних войн, походов завоевания были сильно постраданы

хозяйственные структуры. Империя Сельджуков была политически основана на военной силе, и экономика не могла регулироваться армией. Решение социальных проблем, которые становятся все более и более сложными, стало актуальным. Сельджукские султаны использовали лучший способ выйти из сложившейся ситуации и улучшить экономическую ситуацию. Правители сельджуков выделили крупные суммы денег из казны на строительство больших каналов, прудов и ирригационных систем во всех населенных пунктах. Основные дороги и мосты были реконструированы. Основные торговые пути строго контролировались, безопасность караванов была обеспечена, и тысячи караван-сараяв были построены вдоль всех основных дорог, чтобы облегчить их движение.

Ключевое слово: Сельджук, империя, экономика, политика, система, хозяйство, армия, султан, мир, Земля.

Селжұқ империясының әлеуметтік-экономикалық жүйесі де оның саяси-мемлекеттік құрылысы сынды өте күрделі болды. Мемлекеттің алғашқы экономикасы әр түрлі дәрежедегі, әр түрлі сипаттағы экономикалық аймақтардың жиынтығы іспетті еді. Сондықтан да, олардың барлығын бір экономикалық организмге біріктіру селжұқ әулеттері үшін өте көп күш-жігер жұмсауға тура келген іске айналады. Бұрын әртүрлі мемлекеттердің экономикалық жүйесінде, аграрлық жүйесінде, салық жүйесінде дамып келген аймақтардың экономикасын біртұтас империялық экономикалық жүйеге қосу аса қиынға түсті. Экономикалық саясаттағы тағы бір үлкен қиыншылық мынада жатты: бұрынғы мемлекеттік жүйелердің құлауы мен ұзаққа созылған ішкі соғыстардың, жаулап алу жорықтарының көзінде шаруашылық құрылымдары үлкен зардап шеккен болатын. Аграрлық жүйе, ирригациялық жүйелер, егін алқаптары, бау-бақша, жайылымдықтар, қалалардағы сауда мен қолөнер, ішкі жолдар мен көпірлер қатты қираған болатын.

Селжұқ империясы әскери күштің есебінен саяси жағынан негізделді, ал экономиканы армия күшімен ретке келтіру мүмкін емес еді. Күннен күнге шиеленісе бастаған әлеуметтік мәселелерді шешу кезек күттірмейтін жайтқа айналды. Барлық жерлерде шаруасы күйзеліп, аштыққа ұшыраған шаруалар мен қала халқы көтерілістер ұйымдастырып жатты. Қалыптасқан жағдайдан шығу, экономикалық жағдайды сауықтыру үшін селжұқ сұлтандары ең дұрыс тәсілді қолданды. 30-жылдардың өзінде Қорасанның қираған шаруашылығын қалпына келтіру үшін Тоғрыл бек барлық халықты бір жыл салықтар босатқан болатын. Исфахан қаласын алған кезде сұлтан бүкіл қала халқынан үш жылға дейін салық алуға тиым салады. Тура осындай тәсілмен қимылдаған селжұқ билеушілері басып алынған жерлердің халықтарын салықтан ұзақ мерзімдерге босатып, оларға өз шаруашылықтарын қалпына келтіруге кең мүмкіндіктер берді. Қазіргі әлем тарихшылары селжұқтардың экономикалық саясаты сол дәуірдегі ең әділетті саясат болғандығын атап көрсетеді. Халықтың жер салығынан уақытша босатылып, артынан бұл салықтың барынша кемітілуі селжұқтарға деген олардың ынтымақын арттырады. Кейінгі жылдарда халық аз мөлшердегі салықтарын тез төлеп тастауға тырысатын. Салықтар дер кезінде, әрі ешқандай да зорлықсыз төленетін болады.

Сұлтанның арнайы бұйрығымен жергілікті өкімдер мен қала бектері сауда базарларын, дүкендерді, жолдар мен көпірлерді, каналдар мен тоғандарды, бау-бақша егін алқаптарын, диірмендерді тез қалпына келтіреді.

Селжұқ империясында бұрынғы аграрлық жүйе көп өзгерістерге түсті. Жер қоры қайта бөліске салынады. Отырықшылардың қолындағы көп жер үлестері қоныс аударып келген көшпелі оғыздардың және басқа түркі тайпаларының иелігіне өтеді. Орасан зор құнарлы аймақтар селжұқ сұлтандары мен оның әулеттерінің, мемлекет иеленушілерінің, дін басыларының, әскер басыларының иелігіне беріледі. Селжұқтар көп жерді жергілікті халықтардың бекзадаларына қайта бөліп береді. Селжұқ әулеттері бір жерлерді жеке өз меншіктеріне (милькдар) алса, енді бір жерлерді икта есебінен алып отырды. Селжұқтар отырықшы халықтың шаруаларының жеке меншік жерлерше көп тиіскен жоқ, шаруалар мельк және дииа үлестері сақтауға мүмкіндік алады. Империя құрамына енген жерлерде негізгі жер категориялары өзгеріске көп ұшыраған жоқ. Мысалы, бұрыннан бар категориялар - мемлекеттік фонд (ардал-мамлака, арази-йи дивани), - пайғамбар әулетіне тиесілі жер фонды (хасса), - жеке әулеттердің иелігіндегі жер фондылары (мельк), ең соңында вақтық жерлер. Бұл фондылар көп өзгеріске түспегенімен де, империяда жер меншігіне қатысты икта системасы бірте-бірте кең көлемде дамытыла бастайды. Икта системасы соңғы дәуірлерде Селжұқ империясының қоғамдық саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірінде зор роль атқаратын болады. Икта жүйесі бойынша мемлекеттен жер үлесін алған адам оны өмір

бойы жеке пайдалануға, тіпті мұраға қалдыруға құқық алады. Икта жүйесі негізінен мемлекетте тұрақты армияның құрылуымен кең көлемде дамып отырды. Мемлекет ірі әскер басыларын күнарлы жерлердегі икта меншігі арқылы қызықтырып, байлап-матап ұстады. Селжұқтардың икта системасы да халифат дәуірінде өмір сүрген икта формаларына негізделіп құрылды: - икта ал-истиклал (бұл иктаға ие болған адам тек өз иелігіне берілген жер үлесінен түскен пайдамен ғана күн көруге қақысы болды), -икта ал-иджара (бұл иктаның иесі өзіне берілген жер үлесін екінші біреуге арендаға беріп, ол үшін мемлекетке салық төлей алатын еді), -икта ат-тамлик (бұл иктаның иесі сол жердің меншік иесі деп санады, яғни жеке меншіктегі жер ретінде мұрагерлік құқын пайдаланды), -икта ал-ирфак (өз иктасындағы жерді уақытша кепілге қойып, қарыз ақша алу құқын иеленді немесе жер үлесін уақытша ғана пайдалануға алды), -икта аш-шари (қала қарамақтарындағы жерді пайдалану құқы).

Сырдария дәуірінде оғыз тайпалары газневид сұлтаны Махмұдтан Амудариядан өтіп, Қарақұм мен Мерв аймақтарынан жайлау сұрап алған еді, ол үшін оғыздар газневид армиясына аламан беруге шарт жасасқан болатын. Көшпелілерді әскер қатарына тарту үшін оларға жайылымдар беру ісі де иктаның ерекше түрі болды. Әскери қызметі үшін берілген жер үлестері де икта системасы арқылы реттеліп отырды. Мысалы, әскери иктаның мынадай түрлері болды: - икта ат-и хашам, икта ал-аскарийа. Икта системасы Селжұқ армиясының агрожүйесін дамытуға зор рычаг болды, сұлтандар осы системаны барынша жетілдіре түсуге тырысып отырды. Империяның экономикалық ахуалын жақсарту мен одан әрі дамыту, шиеленіскен өлеуметтік мәселелерді шешу үшін селжұқ билеушілері ішкі саясатты барынша ойластырып жүргізуге тырысады. Ішкі экономикалық саясатты жүргізетін маман адамдар империяның барлық аймақтарынан жинастырылып, біртұтас басқару аппараттарына (дивандарға) қызметке алынды. Олардың табысты жұмыстар істеуі үшін өлеуметтік жағынан мүдделері үнемі қорғалып отырылды. XI ғ. 70-80 жылдары Селжұқ империясының шекаралары ұлан-ғайыр территорияларды, атап айтқанда Қашқардан- Жерорта теңізіне дейін, Қара теңізден Парсы шығанағына дейін, Кавказдан -Палестинаға дейін, Арал теңізінен Гератқа дейінгі жерлерді қамтыды. Осыншама территорияны бірыңғай саяси, экономикалық саясатпен басқару мүмкін емес еді. Сондықтан да, әр аймақтың өзіндік экономикалық, климаттық, этникалық ерекшеліктері қатаң ескеріліп отырылды.

Селжұқ билеушілері барлық отырықшы облыстарға ірі каналдар, тоғандар, суландыру жүйелерін жасауға қазынадан қомақты қаржы бөліп отырды. Негізгі транспорт жолдары менкөпірлер қайта салынды. Негізгі сауда жолдары қатаң бақылауға алынып, керуендердің қауіпсіздігі қамтамасыз етілді, әрі олардың жүріп-тұруын жеңілдету мақсатында ірі жолдардың барлығында мыңдаған керуен сарайлар тұрғызылды. Жетісудан-Румға, Мауреннахрдан-Иеменге, Сириядан-Гератқа, Керменнен-Фарсқа, Румнан-Сузаға баратын керуен жолдары үзіліссіз жұмыс істеп тұрды. Керуен жолдарын пайдаланғаны үшін салынатын салықтың түрлері мен мөлшері селжұқ дәуірінде ең аз мөлшерге дейін төмендетілді. Қашықтықты, уақытты өлшеп, белгілеп отыратын арнайы комиссиялар жұмыс істеді. Ұзындық, қашықтық өлшемі -фарсах жүйесі ретке келтірілді. Империялық мөні бар негізгі ірі қалаларда, жол тораптарында, әскери орталықтарда, әкімшілік орталықтарында, діни орталықтарда ірі мемлекеттік жұмыстары барынша қарқынды жүргізілді. Негізгі ислам жәдігерлері-мешіттер, минереттер, медреселер қалпына келтірілді, не мүлдем жаңадан салынды. Ірі қалалардың көпшілігі тас қабырғалармен, орлармен қоршалынып, алынбайтын қамалдарға айналдырылды.

Низам ал-Мульк уәзірдің кеңесімен Мәлікшах сұлтан әсіресе күдіретінен айрылған буй билігі дәуірінде көп бүліншілікке ұшыраған аббасидтердің астанасы- Бағдат қаласында ірі құрылыстарды табыспен жүргізеді. Қала тас қабырғалармен қоршалып, төрт бұрышына төрт аса салтанатты қақпа орнатылады. Негізгі көшелер кеңейтіліп, көгалдандыру ісі атқарылады. Қаланың бір бөлігі мүлдем жаңадан салынып, оған селжұқтардың алғашқы сұлтаны -Тоғрыл бектің күрметіне «Тоғрыл қаласы» деген ат беріледі. Мәлікапах сұлтан Бағдат қаласында халифа сарайын, жаңа базар, монша салдыртты. «Джами ас-султан» атты мешіт тұрғызады. Бірақ, екіншіше орай, кейінірек селжұқ сұлтандарының қыруар қаржы жұмсап салдыртқан осы құрылыстары соңғы халифтердің бұйрығымен түгелге дерлік тағылықпен қиратылады. Бұл XII ғ. соңындағы аббас халифаларының көзінде өздеріне көмектескен, буй күлдығынан құтқарған, Египет фатимидтері мен крестшілерден қорған болған селжұқтарды тез естен шығаруға тырысқан арам пиғылының нәтижесі болды. Селжұқтар Бағдат, Масул, Басра, Дамаск, Нишапур, Исфахан, Рей, Герат, Мерв, Амул, Балх және т.б. қалаларда ірі мұсылман діни оқу орындарын - медреселер ашты. Тоғрыл бек дәуірінен бері селжұқ династиялары исламның сунниттік ағымының ханафит бағытын жақтап отырды, бірақ өз империяларындағы шиитерді еш қуғын-сүргінге түсірген жоқ.

Елде мұсылмандармен қатар иудаистер, христиандар, буддистер мен интуистер, сондай-ақ, исламды қабылдаудан бас тартқан көшпелі түркілер - азаттар еш қуғын көрмей, еркін жүріп, тұрды. Мәлікшах сұлтан жыл сайын көктемгі тасқыннан зардап шегетін Мерв облысы халқының өтініші бойынша атақты Мұрғап тоғанын салдыртады. Бұл тоғанның ұзындығы 12 фарсахқа дейін жететін, оның құрылысының алыптығы соншалық 100.000 мың құрылысшы жұмыс істеді. Астықтың өнімділігін қамтамасыз ету үшін сұлтан үкіметі бүкіл елде су ресурстары реттеп отыратын арнайы штаб құрады. Ол үшін ирригациялық жүйелерді жетілдіру, тазалау, жөндеп отыру үшін жыл сайын мемлекеттік қазынадан ақша бөлінді. Қалаларда ауыз су мәселесін шешу ісі де өте қиын болатын. Танаптардың көлемі жыл сайын өсіріліп, жерді тыңайту мақсатында ауыспалы егіншілік жүйесі дамытылды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. *История Востока. Том 2 - М., Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 1999, - с.268.*
2. *Агаджанов С.Г. Государство Сельджукидов и Средняя Азия в XI-XII в.в. М., 1991, с. 3.*
3. *Босворт К.Э. Мусульманские династии. М., 1971.*
4. *Хатиби С. Персидские документальные источники по социально-экономической истории Хорасана XIII-XIV в.в. Ашхабад, 1985.*
5. *Гибб Х.А. Арабская литература. М., 1960.*
6. *Маркарян С.А. Некоторые сведения армянских историков XI—XII в.в. о тюрках-сельджуках // Вестник общественных наук АН АрмССР, 19816 N12; Шенгелия Н. Н. Грузинские историки XI-XII в.в. о сельджуках // Тюркологический сборник, 1973г. М., 1975.*